

2019 жылға Сарысу ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

Жамбыл облысы Сарысу аудандық әкімдігінің 2019 жылғы 29 мамырдағы № 125 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 30 мамырда № 4252 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31 бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 9, 27 баптарына сәйкес, Сарысу ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарысу ауданы бойынша ұйымдық-құқықтық нысанына және меншік нысанынан қарамастан ұйымдар үшін ұйым қызметкерлерінің тізімдік санының пайыздық көрсетілімінде 2019 жылға пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. "Сарысу ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарын квоталау жұмыстарын ұйымдастыруды қамтамасыз етсін.

3. "Сарысу ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі заңнамаларда белгіленген тәртіппен осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Омарбек Берген Жақатайұлына жүктелсін.

5. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Мәдібек

Сарысу ауданы әкімдігінің
2019 жылғы "___" _____
№ ___ қаулысына қосымша

2019 жылға Сарысу ауданында пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындарына квоталар

	Белгіленген квота мөлшері
--	---------------------------

№	Ұйымның атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін	
			Жұмыскерлердің тізімдік санынан %	Жұмыс орындарының саны (бірлік)
1	"Казфосфат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің филиалы "Қаратау" тау-кен өңдеу кешені	1581	0,1%	2
2	"Сарысу ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің "Жаңатас-Су-Жылу" шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорны	169	1,7%	3
3	"Көгалдандыру және көріктендіру" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	16	6%	1
4	"Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Сарысу аудандық орталық ауруханасы" шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	740	0,3%	2
5	"F&TM" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	10	10%	1
6	"АмирГрансСервис" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	12	8%	1
7	"Алты-Орда-2006" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	5	20%	1
8	Жеке кәсіпкер "Мутляпова Г.Е."	14	7%	1
9	Жеке кәсіпкер "Бекмаганбетов"	5	20%	1
	Барлығы	2552		13